

## **ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

### **1) Несие алу үшін несие тарихы қандай болуы керек?**

- Несиелеуге рұқсат етілген несие тарихы (несие тарихы болған жағдайда):

1) соңғы есепті күнге (өтінім берген айда) банктер және басқа қаржы институттары алдында мерзімі өткен берешектің болмауы.

2) өтінім берудің алдындағы соңғы 2 жыл ішінде банктер/қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелерді орындау бойынша мерзімі өткен берешектің 180 күннен артық болмауы.

### **2) Несие қаражатын қолма-қол ақшамен жұмсауға бола ма?**

- Жоқ, қарыз алушы несие қаражатын қолма-қол ақшасыз жұмсауға міндетті.

### **3) Егер сіз бір елді мекенде тұрсаңыз, ал бизнес басқа елді мекенде болса, несие ала аласыз ба?**

- Жоқ, бизнес салық органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жерінде жүргізілуі тиіс.

### **4) Мал шаруашылығы бағыты бойынша несие алуға қандай талаптар қойылады?**

Жобаларды қарау кезінде мал шаруашылығын дамытуға мынадай міндетті талаптар қойылады:

1. Өтініш берушіде сатып алынатын және қолындағы мал басын ұстауға қажетті қора-жайдың жеткілікті болуы;

2. Жобаны бағалау (талдау) жүргізу кезінде қарызға алынған қаражат не жеке қаражат есебінен сатып алынған жемшөптің бар екені және жеткілікті екені немесе оны сатып алуға қажетті қаражаттың бар екені дәлелденуі тиіс.

3. Сатып алынатын мал ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру қағидаларына сәйкес сәйкестендірілуі тиіс;

4. Бизнесі іске асыру жоспарланып отырған ауылдық округте ветеринариялық-санитариялық жағдайдың жағымды болуы (жайылымдар, қысқы кезеңінде мал ұстауға арналған қора);

5. Қарыз алушы қарыздың бүкіл мерзімі ішінде сатып алынатын барлық ірі қара мал/ұсақ мал/жылқы/түйенің аналық бас санының азаймауын қамтамасыз етуі тиіс.

### **5) Өсімдік шаруашылығы бағыты бойынша несие алуға қандай талаптар қойылады?**

Өсімдік шаруашылығы жобалары бойынша негізгі талаптар:

1. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді қаржыландыру мерзімі 36 айдан аспауы мүмкін.

2. Егіс алқаптарының болуын растау ретінде қолданылу мерзімі жобаны қаржыландыру мерзімінен кемінде 1 (бір) жыл асатынын растайтын құжаттары бар жергілікті атқарушы органдармен жер учаскесін жалдау шарттары қабылданады.

### **6) Жастар несие бойынша қандай мақсаттарға несие алуға болмайды?**

- Бағдарлама шеңберінде мынадай мақсаттарды қаржыландыруға тыйым салынады:

1. Жылжымайтын мүлікті (оның ішінде малшыларға арналған уақытша/тұрақты тұрғын үйлерді) сатып алу, салу немесе жөндеу, жер учаскелерін сатып алу (кез келген нысаналы мақсатпен);

2. бағалы қағаздарды сатып алу (портфельдік инвестициялар);

3. қаруды (оның ішінде қару өндіруге арналған құрамдас бөліктерді), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған басқа да мүлікті өндіру немесе сатып алу;

4. ойын бизнесін ұйымдастыру және (немесе) дамыту;

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған террористік және кез келген өзге де қызметке байланысты қызмет;

6. моторлы көлік құралдарын шығаруды және өз өндірісіндегі жүзімнен шарап өндіруді қоспағанда темекі және\немесе алкоголь өнімдерін сатып алу, акцизделетін тауарларды/өнімдерді шығару;

7. кредиторлық берешекті өтеуге;
8. бизнесті жүргізумен байланысты емес жеке тұтынушылық мақсаттар.

**7) Сатып алынатын ауыл шаруашылығы малының жасына және құнына қандай талаптар қойылады:**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Максимал құны
<b>Мүйізді ірі қара мал</b>			
1.	Тауарлы сиыр (18-26 ай)	басы	300 000 теңге
2.	Тауарлы сиыр (27-48 ай)	басы	350 000 теңге
<b>Ұсақ мал</b>			
3.	Тауарлы қой (6-12 ай)	басы	40 000 теңге
4.	Тауарлы қой (13-36 ай)	басы	50 000 теңге
5.	Асыл тұқымды емес қошқар (24-36 ай)	басы	50 000 теңге
6.	Асыл тұқымды қошқар (24 айдан бастап)	басы	80 000–90 000 теңге
<b>Жылқы</b>			
7.	Тауарлы бие (24-35 ай)	басы	400 000 теңге
8.	Тауарлы бие (36-72 ай)	басы	480 000 теңге
9.	Айғыр (24-72 ай)	басы	600 000 теңге
<b>Түйе</b>			
10.	Інген (24-48 ай)	басы	400 000-500 000 теңге
11.	Інген (49-120 ай)	басы	700 000-800 000 теңге

**8) Салық берешегі болған жағдайда несие алуға бола ма?**

- Жоқ, бағдарламаның шарты бойынша өтініш берушінің несие алуға өтінім берген күні салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс.

**9) Қарызды мақсатсыз пайдаланғаны үшін қандай айыппұл көзделген?**

- Қарызды мақсатсыз пайдалану жағдайы анықталған кезде Қарыз алушы мақсатсыз пайдаланған қарыз сомасының 25% (жиырма бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және қарыз сомасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімінен бұрын қайтарады.

